

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Жабайы жануарлар»

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.02.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/90928/

Қарағанды облысы

Теміртау қаласы

№19 «Ақтілек» бөбекжайы

Тәрбиеші: Алеханы.К

Тақырыбы: «Жабайы жануарлар»

Мақсаты: балаларға жабайы жануарларының неліктен «жабайы жануарлары» деп атауын түсіндіру, пайдасы туралы әңгімелесу. 1. Білімділік міндеті: олардың аттарын дұрыс атап, аңдардың дұрыс ажырата білуге үйрету. 2. Дамытушылық міндеті: жұмбақ шешу арқылы ой-өрістерін дамыту. 3. Тәрбиелік міндеті: жабайы жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. 4. Әдіс тәсілдері: шаттық шеңбері, сұрақ жауап, дидактикалық ойын, лепбук, сергіту сәті. 5. Көрнекілігі: жабайы жануарларының суреттері

Барысы: Ұйымдастыру кезені: Тәрбиеші: Балалар шаттық шеңбер құрып тұрады да, бір-бірімен кезектесіп амандасады. Сәлеметсің бе? Азамат! Сәлеметсің бе? Айша! Сәлеметсің бе? Райымбек! Сәлеметсің бе? Кульзира апай! Сәлеметсіңдер ме? Балалар мен сендерді көргеніме қуаныштымың! Былайша бір-бірімен сәлемдесу аяқталған сон, төмендегі сөздерді айтады.

Армысың, сұлу күн! (күнге қарап бас иеді) Армысың ашық аспан! (аспанға қарап бас иеді) Қайырлы күн баршаға! (құшақтарың жаяды).

Шаттық шеңбері: Кел, балалар, ойлайық Ойлайық та, ойнайық. Қандай жұмбақ болса да Шешпей оны қоймайық.

Тәрбиеші: Мен бүгін балабақшаға келе жатып, сандық тауып алдым. Ол сандықтың ішінде ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды құтқару үшін жұмбақтарды шешу керек екенбіз.

-Көлеңкесінен қорқып безектейді,

Ал, оның баласын көжек,- дейді. (қоян)

-Төрт түләктің рәкеті, Түзде жүрер көк сері (қасқыр)

-Өзі ширақ, өзі қу

Жүрген жері айқай-шу. (түлкі)

-Тұмсығы ұзын күшті,

Өзі ерен мықты. (піл)

-Қара ала тоны бар,

Ол аңдардың қыраны.

Жатқанын көп көрмейміз,

Серейіп көп тұрады. (керік)

Санай алмай шаршадым- Найзасы бар қанша мың. Батыр емес бірақ та, Қашып жүрер жыраққа. (кірпі)

Тәрбиеші:- Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтамыз? Балалар:-жабайы аңдар.

Тәрбиеші:- Олар қайда тұрады?

Балалар:-орманда тұрады. Тәрбиеші: қандай жабайы жануарларды білесіңдер? Балалар: аю,қасқыр,түлкі,жолбарыс,арыстан,піл,барыс. Тәрбиеші: Жабайы жануарларды ешкім бақпайды.Өз корегін өздері тауып жейді және төлдерің өздері асырайды.

Дидактикалық ойын: «Ненің баласы?» Ойынның мақсаты: балалардың білімің жетілдіру.

Ойынның шарты: балаларға суреттерді көрсете отырып,сұрақ қою.

Аюдың баласы- қонжық

Қасқырдың баласы - бөлтірік

Түлкінің баласы - мыршай

Қоянның баласы - көжек Арыстанның баласы- абдан Жолбарыстың баласы- шөнжік

Тиіннің баласы- тиін Кірпінің баласы- кірпі

Сергіту сәті : Біз ормаңға барайық, Жан-жағымызға қарайық. Аю шықты қорбаңдап, Қасқыр шықты ырылдап. Түлкі шықты майысып, Қоян шықты майысып, Қорықпандар балалар, Қарап қарап алыңдар.

Тәрбиеші : Лепбук «Жабайы аңдар» Мақсаты: балалардың жабайы аңдар туралы білімдерің кеңейту.

Лепбуктың тапсырмасы: 1. «Кескін суреттерді құрастыру» 2. «Жабайы жануарларды ата». 3. « Немен коректенеді?» 4. «Аңдардың көленкесін тап» 5. «Ненің құйрығы?» 6. «Не артық»

Тәрбиеші: жабайы аңдар туралы тақпақтар айту. Қорытындылау: -Қандай жабайы жануалармен таңыстық? (жабайы жануарлармен) -Неліктен оларды жабайы жануарлар деп атаймыз? (өз азығын өздері тауып жейді) -Балалар жабайы жануарлар қайда мекендейді? (орманда,тауда,) -Жарайсыңдар балалар! Рахмет! Белсенді қатысқан балаларды мадақтау.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.